

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «№26 Жаңаталап орта мектебі»КММ
2025 жыл және 2026 жылдың I жартыжылдығына сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша
талдамалық анықтама**

Жаңаталап ауылы

30.03.2026 ж.

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «№26 Жаңаталап орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың ішкі талдауы «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 16 қазандағы №21 бұйрығына, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «№26 Жаңаталап орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2026 жылғы 19 ақпандағы №35-Б бұйрығына сәйкес, 2026 жылдың 19 ақпаны және 19 наурызы аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама келесі құрамдағы жұмыс тобымен жасалды:

Абдумамынов Нуржан Адилханович - басшы, жұмыс тобының төрағасы

Рәсілхан Аблайхан Арабханұлы - ДОТІЖО

Рахманкулов Марс Омиржанович - ДШШЖО

Нохаева Мадина Адилхановна - ДТІЖО

Бурисова Дарига Шардарбековна -Бастауыш кәсіподақ төрайымы

Муратбекова Ажаркул Рахимбаевна -мектеп психологі

Бекмурадқызы Жалғас - әлеуметтік педагог

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «№26 Жаңаталап орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық
актілер:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жұмыс тобы өз жұмысын басқарманың қызметіндегі Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамалары мен нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып, қарастырды.

Мектеп өз қызметін және өкілеттіктерін жүзеге асыруда негізінен мынадай қолданыстағы заңнамалық актілерді негізге алады:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы «Қазақстан Республикасының Конституциясы»;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» №414 Кодексі;

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 Заңы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттын және дуалды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» № 93 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы «Көрсетілетін білім беру қызметін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы» №372 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 595 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» №95-IV Кодексі;

«Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығы;

Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысы.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Мемлекеттік қызмет туралы» №416 Заңы;

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410 Заңы;

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңы;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік

қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары);

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" №511 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» №152 Жарлығы.

Мектептің міндеттері:

1) Тиісті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың аумағында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) кешкі (ауысымды) оқу нысанын қоса алғанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

4) мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, орта білім алғанға дейін оларды оқытуды ұйымдастырады;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының қажеттілігін, ата-ана төлемақысының мөлшерін айқындайды;

6) облыстың білім басқармасы арқылы қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы төлеу мөлшерін облыстың жергілікті атқарушы органына бекітуге енгізеді;

7) облыстың білім басқармалары арқылы облыстың жергілікті атқарушы органына бекітуге орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын енгізеді;

8) қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

9) мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

10) тірек мектептердің (ресурс орталықтарының) жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

11) аудандық, қалалық деңгейлерде жүзеге асырылатын балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

12) оқу-өндірістік комбинаттардың қызметін қамтамасыз етеді;

13) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыруға жәрдемдесу;

14) мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

15) орындаушылар конкурстары мен балаларға арналған кәсіби шеберлік конкурстарын жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық, қалалық мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

16) аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымдардағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға және мемлекеттік білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының жиынтық көлемінің кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

17) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

18) қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшыларын аттестаттауды ұйымдастырады;

19) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауға және қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі жоспарды қалыптастырады;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының, орта білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

21) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз етеді;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру;

23) тиісті кентте, ауылда, ауылдық округте мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастырады;

24) аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы мемлекеттік білім беру ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

25) аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан білім беру ұйымдарының психологиялық қызметінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді;

26) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру;

27) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсету;

28) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

29) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

30) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

31) білім беру ұйымдарында, оның ішінде аудандар, облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан ұйымдарда ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды;

32) ауданның және облыстық маңызы бар қаланың білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі жөніндегі мәселелерді үйлестіреді;

33) облыстардың білім басқармаларына ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімінің құрылымын келісуге енгізеді және бекітеді;

34) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті шағын учаскесінің қажеттілігін негізге ала отырып, мемлекеттік білім беру ұйымдарының тарификациялық тізімдерін, штат кестесін, жұмыс оқу жоспарларын (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру), сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының сынып-жиынтықтарының санын келіседі;

35) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тартады;

36) осы бұйрықпен жүктелген функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету үшін бюджеттік өтінімді сапалы жасауды және облыстың білім басқармасына ұсынуды қамтамасыз етеді және жауапты болады;

37) білім беру саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асырады;

38) Азаматтардың және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

39) Білім алушылардың бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысуын ұйымдастыру;

40) Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық пен кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруін және солармен қамтамасыз етілуін ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;

41) Бухгалтерлік есеп және есептілікті жүргізу;

42) Жыл сайын мектепке дейінгі даярлықтың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, орта білім беру ұйымдарына білім беру органдары оқу жылына болжайтын көлемде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастыру

43) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту үшін ұсыныстар дайындайды.».

Мемлекеттік органның Ережесін қарастыру барысында Басқарманың қызметіне және оған байланысты нормативтік құқықтық актілерге (Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңдарына) қатысты қызметіне талдау жасалынды.

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау

Талдау барысында нормативтік-құқықтық актілер мен балабақшаның ережесі, сонымен қатар мамандардың лауазымдық нұсқаулықтары зерделенді.

2025 жылдың қыркүйегінен бастап мемлекеттік қызметке қабылдаудың /жұмыстан босатудың барлық конкурстық [hr/novd.enbek.kz](http://novd.enbek.kz) бірыңғай қызметі жүзеге асырады ,бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуелдіктерін жояды.

2025 жыл және 2026 жылдың жарты жылдығы бойынша ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Мектепте бұйрықтар жеке құрам және өндірістік болып бөлінеді. 2025 жылы жеке құрам бойынша – 19, өндірістік қызмет бойынша 261 бұйрық; 2026 жылдың жарты жылдығы бойынша жеке құрам бойынша – 2, өндірістік қызмет бойынша 52 бұйрық тіркелген.

Мектепте 2025 жыл және 2026 жылдың жарты жылдығында кадрлардың ауысуы бойынша:

Білім бөлімінде мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің жалпы штат саны - 12.

2025 жылдың тамыз айынан бастап дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, қазан айынан бастап тарих және география пәнінің мұғалімі өз еркімен жұмыстан шығуға өтініш берді.Қыркүйек айынан бастап дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,қараша айынан бастап тарих және география пәнінің мұғалімі жұмысқа абылданды

1.Талдау кезінде анықталған тәуекелдер:

Талдау кезінде ішкі құжаттарды рәсімдеу барысында ішінара кемшіліктер орын алған. Оның ішінде: бұйрықтардың мәтіндерінде грамматикалық қателіктер орын алған.

Тәуекелді жою:Қазіргі таңға, талдау барысында анықталған кемшіліктер толығымен жойылған. Сонымен қатар, білім бөлімінің қызметкерлерінерәсімделетін нормативтік-құқықтық актілердің талапқа сай орындалуы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кадрлардың ауысуы бойынша:

Білім бөлімінде мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің жалпы штат саны - 12. бос орындар – 0. Келісім шарт бойынша жалпы штат саны – 56,6 бос орындар – 0. Талдау кезеңінде теріс себептермен мемлекеттік қызметтен босату немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылу фактілері жоқ.

Сонымен бірге, тексерілетін кезеңдегі білім бөлімінің қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністері фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер, арыздар түспеген.

Бұқаралық ақпарат құралдарында білім бөлімінің қызметкерлеріне қатысты жағымсыз ақпараттар орналастырылмаған.

Кадрлардың ауысуы бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері орын алмаған.

Жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу жағдайлары орын алмаған.

Ішкі талдау жүргізу барысында біліктілігі сәйкес келмейтін қызметкерлер анықталмады.

2025 жылдың жарты жылдығынан бастап 2026 жылғы 30 наурыз аралығында білім бөлімінің қызметкерлерінің демалыс және мереке күндері жұмысқа тартылған сәттерінде құқық бұзушылық фактілері анықталмады.

Мемлекеттік қызметкерлерге сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерге бонустар төлеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алмаған.

Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қатысты тұлғаларға мемлекеттік қызметте тыйым салатын қатаң заңнамалық талаптың сақталуы бойынша білім бөлімінің қызметкерлерінің жеке істеріне тексеру жүргізіліп, бұзушылық деректер анықталған жоқ.

Мектепке келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша:

Мектепке 2025 жылы жеке және заңды тұлғалардан барлығы 3 жолданым түсті. Оның ішінде жеке тұлғалардан-3, заңды тұлғалардан-0, ұжымдық-0.

Олардың барлығына ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Заңнамасына сәйкес жауап берілді.

Білім бөлімінің сенім телефонына және арыз-шағымдарға арналған жәшігіне өтініштер келіп түспеген.

Сонымен қатар, Білім бөлімінің қызметкерлері ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Заңнамасы, «ҚР мемлекеттік қызмет туралы», ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары талаптарының сақталуын қадағалау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерді, құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында заңнама талаптарына сәйкес, құқықтық оқыту жұмыстарын ұйымдастыруды және «Қазақстан

Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында тиісті жұмыстар жүргізуде.

Есепті кезеңде Білім бөлімінің мемлекеттік қызметшілері тарапынан сыбайлас жемқорлық сипаттағы, мемлекеттік қызметке кір келтіретін құқық бұзушылық фактілері орын алмаған.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 15 бабына сәйкес, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға, лауазымды адамдарға егер мүдделер қақтығысы орын алған болса, лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынатындығы көрсетілген.

Жоғарыда аталған адамдар тікелей басшысына не өздері жұмыс істейтін ұйымның басшылығына туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, өздеріне бұл жөнінде мәлім болысымен жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

Мекеменің тікелей басшысы не ұйымның басшылығы жоғарыда аталған адамдардың өтініштері бойынша немесе басқа да көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу бойынша мынадай шараларды қабылдау қажет:

- жоғарыда аталған адамдарды лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттеуге және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерді орындауды басқа адамға тапсыруға;
- лауазымдық міндеттерін өзгертуге;
- мүдделер қақтығысын жою бойынша өзге де шаралар қабылдауға міндетті.

Жұмыс тобының қызметкерлердің жеке істеріне талдау жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлық тауекелдеріне мүдделер қақтығысының болуына, жұмысқа қабылданған қызметкерлердің тиесілілігі, кадрлардың ауысуы, қызметкерлердің жұмыстан босатылу себептері, жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен жұмысына ішкі талдау жүргізілді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдар қабылданған:

- шешім қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсетілмеген;
- ресми таратуға жатпайтын, мемлекеттік (және өзге) функцияларды орындау кезінде алынған ақпаратты жеке немесе топтық мүдделерді пайдаланбаған;
- қызметкерлер өздерінің мемлекеттік функцияларын орындау кезінде ұйымдардан, жеке тұлғалардан ақша, қызметтер және өзге де нысандар түрінде сыйақы қабылдамаған.

Білім бөлімінің қызметіне зиян келтіруі мүмкін мүдделер қақтығысы анықталмады.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша: Білім бөлімінде 13 мемлекеттік қызметтер көрсетеді.

1. Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру;
2. Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу;
3. Кәмелетке толмағандардың мүлкіне иелік ету үшін анықтамалар беру;
4. Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру;
5. Он жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы қорғаншылар мен қамқоршылар органдарының шешімін беру;
6. Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою;
7. Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру;
8. Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою;
9. Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау;
10. Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау;
11. Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау;
12. Баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау;
13. Педагогтарға біліктілік санаттарын беру және растау рәсімінен өту үшін құжаттарды қабылдау.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру бойынша: Басқарманың Ережесінде көрсетілген функционалдық міндеттеріне сәйкес рұқсат беру құзыреті жоқ.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бойынша: Білім бөлімінде бақылау - тексеру функциялары жоқ.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша: Мектепте бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу функциялары жоқ.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасасу .
Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасасу бойынша сыбайлас жемқорлық фактілері анықталмады.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану: Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану кезінде ешқандай кемшілік орын алған жоқ.

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық -басқарушылық қызметінен туындайтын өзгеле мәселелер.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша:

Мектеп қызметкерлерін мемлекеттік басқару академиясының филиалында қызметшілердің біліктілігін арттыру шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және сыбайлас жемқорлықты алдын алу тақырыбында оқытуға тұрақты түрде жолданып отырады.

Жұмыс тобының құрамы:

Абдумамынов Нуржан Адилханович - басшы, жұмыс тобының төрағасы



Жұмыс тобының мүшелері:

Рәсілхан Абылайхан Арабханұлы - ДОТІЖО

Рахманкулов Марс Омиржанович - ДШЖО

Нохаева Мадина Адилхановна - ДТІЖО

Бурисова Дарига Шардарбековна - Бастауыш кәсіподақ төрайымы

Муратбекова Ажаркул Рахимбаевна - мектеп психологі

Бекмурадқызы Жалғас - әлеуметтік педагог

